

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Саран қаласы білім бөлімінің
«Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
тамақтану сапасын мониторинг жүргізу жөніндегі сараптамалық комиссия жұмысының
қорытынды хаттамасы №1**

Мерзімі: 11.09.2023 жыл

Тексеру жүргізгендер:

Мектеп директоры: Г. Е. Иманкулова
Медбике :О. С.Рахимбаева
ТЖЖ директор орынбасары: Л. А. Амангельдиева
Әлеуметтік педагог: Б.К. Махмутова
Ата-аналар комитетінің төрағасы: А. Айтбаева

Күн тәртібі:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

Тыңдалды:

Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.А.Амангельдиева қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырылды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Бірінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі медицина қызметкері О.Рахимбаева мектеп асханасында 4 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 2 аспазшының көмекшісі, 1 ыдыс жуушы жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы орташа, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана ішінің тазалығы орташа, тазалығы үнемі қадағалануда деді.

Л.А.Амангельдиева өз сөзінде асхананы жалға алушының азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

Ас ішу блогында 2 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стеллаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Мектеп медбикесі бракераж журналына күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы орташа екенің айтты.

Шешімі:

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:
Хатшы:



Г.Е.Иманкулова
Б.К. Махмутова